

Ж.Б. ОШАҚБАЕВА

ЖЫРАУЛАР ДӘСТҮРІНДЕГІ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНО-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Руханилық – адам танымы мен дуниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы. Руханилық мәдениеттің құнарлана түсүіне, оның іргетасының бекуіне ықпал ететіндіктен, руханилықтан алшақ мәдениеттер мен өркениеттер іштей құрылымдық ыдырауға ұшырайды. Руханилық жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да, дінге де аса қажет. Ол – қоғамымыздың әлеуметтік дамуы, рухани жетілуі үшін нәр алатын асыл құндылықтар. Қазак танымында үш түрлі білім қоры жинақталған. Олар: *табигат туралы, қозам туралы* және осы екеуінің қабысуында туындаған *адам туралы* ұғым. Бүгінгі ғылым дамыған дәүірде табигат пен қоғам туралы ғылым-білімдердің шарықтап, сан-сапалы арнаға түскені баршамызға белгілі. Ал адам өрісі табигат бөлшегі ретінде қарастырылады.

Қазактың рухани жан дуниесін, ішкі құбылысын, рухын тануда зерттелетін мәселелер көп. Егер де рух туралы айтар болсақ, ол туралы нақты анықтама беру қынға соғады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рух дегеніміз табиғи, материалдық бастамалардан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы, қуатты, батылдықты билдіретін ұғым ретінде қарастырылады. Рух әлемі көзге көрініп, қолмен ұстайтын нәрсе емес. А.Х. Қасымжанов тарихта халықтың рухани негізі түрлі қындықтарға кездеседі, алайда, рух бар жерде халық та болатындығын айта келіп: «Рухани байлық дегеніміз – санағы да, санаған тыс, сезім мен ақыл біріктіретін халық тұрмысының әдептілік тетігі» [1, 4 б.], – деп өз ойын жалғастырады. Философиялық мәнінде рух абстракция, ол айқындалған шындық, немістің классикалық философиясында рух туралы көптеген құнды пікірлер бар. Сократтың шәкірті Платонға адам тек рух пен дененің бірлігі ғана емес, сол рух дегеніміздің өзі адамды адам ететін субстанция деген идея жатады. Адамның жалпы сипаты рухтың сапасына байланысты. Оның пікірі бойынша, бірінші орында философтың рухы, сонында ракымсыз, жауыздың рухы жүретін «рухтардың бағыныштылығы» бар. Себебі философтың рухы даналыққа жақын, білімге құштар болып келеді, бұл – адамның жануардан басты айырмашылығы. Аристотельдің адамды философиялық түсінуінің маңызды жетістігі оның әлеуметтік сипатын негіздеуімен байланысты. Ойшылдың «Адам – мемлекетте өмір сүруге арналған тірі жаратылыс иесі» деген сөзі сакталған. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттауға қабілетті, ол қоғамда өмір сүріп, заңдарды менгереді.

Ұлы ойшыл Гегель «Рух феноменологиясы» деген еңбегінде рухтың көріну формаларын айта келіп, өзіндік санаға ерекше тоқталады. Расында өзіндік сана мен адамның еркіндігі, бостандығы бір-бірімен байланысып жатқан диалектикалық құбылыс. Адам дуниеге келген уақыттан бастап еркіндік пен бостандық туралы идея да өмір сүреді. Гегельдің пайымдауынша, «Еркіндік – елім мен өмірдің арасындағы процесс», «Ақыл-ой дегеніміз – рух». Әрине рухты жалғыз ақыл-оймен жеткізу, сипаттау жеткілікіз. Гегель еркіндік ұғымын «рухтан» шығарады, бұл логика, табиғат философиясы және рух философиясынан тұратын гегельдік жүйенің үшінші сатысы. Мұнда абсолюттік идея табиғаттан бөлініп, жанданады және өзінің мәнін абсолюттік рухтан табады. Адам табиғаттың бір бөлігі. Бірақ адам рухы – табиғаттың жемісі емес, абсолюттік рухтың жемісі. Табиғаттың өзі де рухтан өсіп-өнген. Рухтың өзіндік дамуы үш сатыдан тұрады. Бірінші – «субъектті рух» – үш түрге бөлінетін жеке адамдық сана; екінші сатысы – «объективті рух» – адам қоғамы және оның басты үш формасы: құқық, адамгершілік, мемлекет; үшінші – «абсолютті рух» – өнер, дін және философиядан тұрады. Рух төмennен жоғарыға өтудін даму жағдайында болатын бүтін және тұтас нәрсе. Гегель рух дамуының қозғаушы қүшін субъект мен объективтің диалектикалық қайшылығы деп есептеді. «Рух субстанциясы дегеніміз еркіндік, яғни, басқадан тәуелсіз болу, өзіне деген қарым-қатынасын» [2,2076], шындығында, еркіндік – қажеттілікти жоқ қылудан емес, нағыз мінезі бар оның санасындағы мазмұнын ашудан тұрады. Адамзат тарихы еркіндік санасындағы, яғни рухтың, ойдың алға дамуы болып табылады.

Руханилық өз мағынасында адам мен қоғам арасындағы қатынастың дәнекері болатындығын өмірдің өзі дәлелдей отыр. Өйткені адам оларды қоғамға тән барлық құндылықтар арқылы бойына сіңіріп отырады. Сол сияқты руханилықтың ата-текке байланысты қасиеттерін де жоққа шығаруға болмайды. Осы жерде Бұқар жыраудың: «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге» деген жырын мысалға келтіруге болады. Біздің пікірімізше, адам рухы

табиғаттан тыс құндылықтар ретінде сипатталуы қажет, яғни рух адамның дүниені түсіну нәтижесінде қалыптасатын, өз тіршілігі үшін адамның болуын қажет ететін ұғым ретінде қарастырылады. Адам рухы шектілікті зандарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі және өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған руханилық тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады. Осы рухани тектіліктер арқылы қоғамдағы мағыналы құндылықтар мен қазыналар ұдайы өмір сүреді, олар салт-сана, әдеби, гылым, өнер шығармашылығы арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да адамның руханилығы шексіз.

Адам өзінің даму процесінде қажеттілік пен еркіндіктің бірлігі екендігін айқын көрсетеді. Бір жағынан, ол табиғатпен тығыз байланысты, соған бағынышты, екінші жағынан, ақыл-ойы, зердесі, парасаты бар. И.Канттың ойынша, адамның түпкі мәнінің өзі еркіндікке жатады, оны айқындаپ көрсететін – оның парасаты мен адамгершілігі. Адамгершілік адамның бақытқа ұмтылуымен тығыз байланысты, ал адамгершілік үшін форма қажет. Канттың ойынша, ол категориалды форма – парыз. Егер адам істеген ісін парыз деп түсінсе, онда адамгершілігі бар, парасатты адам болғаны. Адам өзіне мақсат қоюы керек, өз іс-әрекетінде басқаға құрал емес, мақсат ретінде қарауы керек. Канттың ойынша, ең жоғарғы және қасиетті – ол адам, яғни адам өмірдегі ең жоғарғы мақсат. Кант философия тарихында алғашқылардың бірі болып адамгершілік рухтағы этиканың негізін қалаған [3,155б.].

Адамның руханилығынан туындаған жеке тұлғалық болмысының толыққандылығы адамгершіліктің, тәрбиеліктиң көзі, іске асырушысы болып табылады. Осындағы жағдайда кешегі замандағы тоталитаризм жүйесі кезеңінде адамның жеке қасиетті мен шығармашылық қасиеттері арасындағы байланыстың үзіліп, адамның жеке тұлға ретіндегі кісілік қасиеттері қарастырылмай кеткендейдін атап етуіміз қажет. Себебі адам, шамасы келгенше, өткен кезеңдер тәжірибесін жинақтап, сұрыптаپ, оның рухын өз бойына сініруге тырысады. Сол себептен де адам бойында, оның кісілік болмысында, сана-сезімінде қазіргі рухани мәдениетіміздің кейбір формалары мен өткен кезең мәдениетінің көріністері, бейнелері ұшырасады. Кей жағдайларда олардың арасында қайшылықтар болып қалуы мүмкін, мұндай кездерде ол кедергілерді адамның дүниетанымдық мүмкіндігіне, мұраттарына, кісілік қасиеттеріне байланысты жеңуте болады. Өткен кезең мәдениетінің тұнғылығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани байытады. Өткен кезең мәдениетінің інжү-маржанын өз бойына сініре алмаған, одан рухани нәр ала алмаған адам бүтінгі заман ағымына ілесіп, өзіне сай ерекшелік дәрежесіне еркін жете алмайды. «Руханилықтың арқасында адам мәдениет әлеміне енеді, оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді, – дейді М.С.Орынбеков. – Сонымен бірге руханилық дамыған адамды заттың, табиғаттың себептерінен ерекшелеп тұратын қыры болып табылады» [4,196-б.].

Қазақ халқында «жеті атасын білмеген жетесіз» деген дүниетанымдық мағынада айтылған керемет философиялық көзқарас бар. Бұл ұғымның мәні өте теренде жатыр. Ата-баба аруагын сыйлау, кішірейтпеу – әрбір қазақ азamatы үшін қасиетті борыш саналады. Адамның рухани дүние болмысы томаға-тұйық бітім емес, ол шексіз. Сондықтан оның даму және жетілу үдерістерінің мүмкіндігі жоғары дәрежеде болады. Адамның кісілік, тұлғалық рухтық көрсеткіштерінің бірі деп адамдардың бір-біріне деген сыйластыры, олардың әртүрлі сарындары, іс-әрекеттілігін бір сабырмен, салқындылықпен қабылданап алуын айтамыз.

Жыраулықтың мәдени дәстүрі, рухани адамның ақындығы мен сауаттылығында, сезімталдығы мен зерделілігінде, терен пайымдаушылығы мен нақты кісілік шешім қабылдауға дайын келетін табандылығында және ел болмысының мән-жайын терен ұғынып, рухани тәжірибесін ұлттық рухтың интеллектуалдық қуатына айналдырып отыруында. Яғни жырау әрбір ұлт мүшесі жеке адамның ұлттық табиғатын, ұлттық көзқарасын қалыптастырып, ұлттық ойлауының өрісін кеңейтетін ана тілдің, ұлттық ділдің, ата-баба дінінің, ата баба дәстүрінің қамқоршысы. Жыраудың ханға айтқан тұра сөзі кім-кімге де зиялды кеңес. Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық идеялық негізде қалыптасуына себеп болған ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. Жекелеген адамдардың ұлттық өнерінің бойында бар идеялар, халықтың ішінен зиялыштардың ел алдына шығуына, елге көсіби білім бағытында қызмет етүіне жетекші болғандығы көпшілікке аян. Сол сияқты «жыр рухына» кездейсоқ қарау мүмкін емес, әсіреле қазақ елі үшін жыр ұлттық идеяның терен арнасы. Ел мұдесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, бірі өмір сүру үшін бірінің қажеттілігін сақтап, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырган осы жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік

қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы.

Қазақ жырауларының ұғымында әр адам өзінің кісілік рухына адал болса, өз ісінің зиялышы. Тұлғалық адамнан талап етілетін қасиет. Сол себептен зиялышық адам санасында не істеу керек деген сауалдан емес, бірлікке ұмтылыстан, елдікті ұғынудан, құрметтеуден туындайтын қасиет.

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасына жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа [5,28 б.]

Кейінгі ұрпаққа айтып кеткен Асанқайғы даналығының мазмұны осындай. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан, ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Осы бағытта қазақ жырауларының тағы бір бағыттағы ой толғамдары ұлттық мұддеге бағытталды:

Кіндігімді кескен жүрт,
Кір қонымды жуган жүрт,
Қарағайдан садақ будырыш,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырыш,
Жанга сақтау болған жүрт [5,32 б.]

Ел дегеніміз ұлттың тамыры қалыптасып, халықтың бірлікте, еркіндікте өмір сүріп жатқан ортасы. Елдің бейнесі бейбіт, тынысы ұлттық кәсіп, рухани өмірі бірлік, елдік қарым-қатынасы. Ел сонынмен қатар ердің ұясы, негізі, тірек ететін негізгі қуаты. Жұрт деген ұғымға келетін болсақ, қазақ халық өзінің ата мекенін айналып көшіп жүре бермеген, қазақ отырықшы да халық. Оның себебін «жұрт» түсінігінен байқауға болады. Адамның өрісі ел дейтін болсақ, оның дүниеге келіп, есіп өнген шағы, аяқтанған кезі бұның барлығы елдің рухымен де тығыз байланысты. Ата мекен жердің аумағы тарылып, ел азайған шақта ұлттың жойылмауына оң ықпалын тигізетін нәрсе бұл әрине туған жерге деген түсінік. Қазтуған жыраудың «ел-жұрт» толғауының экзистенциалдық идеяға айналып отырған себебі осында. Яғни «жұрт» елдің, ердің тарихи ізі, санада сақталатын бейне, адамды елдікке бастайтын білім.

Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық дengейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық зиялыштар өкілдерінің рухани қызметінің бағытын біліу алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Асан қайғы дуниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады. Асан қайғы адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен дengейін дұрыс бағалайтын, әрекет-құмбылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің тұпнұсқасына балайды. Оның өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті.

Күнінде өзім болды деп,
Кең пейілге таласла.
Артық үшін айтсып,
Достарыңмен санаста.
Ғылымым жүрттан асты деп,
Кенессіз сөз бастама,
Женеңмін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама [5, 28 б.]

Асан қайғы азаматтық міндеттін жүгіне, құнделікті нақты түріне көніл бөледі. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асан қайғының ұғымында, жүртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара онды қарым-қатынас жасауы орынды. Оның пайымдағаны:

«Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады» [5,25 б.].

Асан қайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кімнен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сурудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, ұлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдал үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсан жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарынмен синаспа» немесе «Қарындастынды жамандап, өзіне туған табылмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көніл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтп жуыспа.
Тәуір көрер кісінмен,
Жалған айтып суыспа,

— деген өсиетті ұстайды. Жырау бірде: «Ғылымым жүрттан асты деп, кенессіз сөз бастама» дейді. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады.

«Есенінде, тірінде, бір болыныз бәрініз» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қылыш-қылы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлышырылған төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным — борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық — ойшыл үшін жат құбылыс. Жырау әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

Есті көрсөң кем деме,
Бәрі түйгүн табылмас;

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желкес құрыстырып ұрыспайды. Әдептіліктің әр қыры мен сыры — бақыт көрінісіне лайық. Дегенмен бақыт — адамға деген ерекше сыйласу мен маҳаббат сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақытты жандар ғана өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады. Бақытқа кедергі - ағайын мен ел арасындары бітімсіздік, ондағы мұдде алшақтығы, қасиет кенжелігі, сөйлесу қағидасының бұзылуы. Сөйлесуде өзара түсінік жетіспесе, онда үйлесімділіктің ынтымақтың болмауы.

Бұл заманда не гаріп?
Ақ қалалы боз гаріп,
Жаксыларға айтпаған
Асыл, шығын сөз гаріп... [5, 27 б.]

Адамның ішкі дерті азғындаған уақытта, замандағы ғаріптің түрі де, зардабы да көбеймек. Ғаріптік — заман ағысы адамзат тіршілігіне ынғайсыз жағдайда дерт болып асқында мақ. Бірақ ақын заманды құрастыруышы мен билеушілердің мінез-құлқын, іс-әрекетін синап-мінеді. Адамын тану арқылы ақын заманды тануға, заманың ағымын пайымдауға талпынды. Мұраты биік адам мен ұрпақ қана заманды өз талаптарына сай дұрыстауға ықылас-ынта білдіреді.

Жорықтың алдынғы шебінде, айтыс-тартыстың басы-қасында, елдің бел ортасында жүрген Шалқиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көніл аударған, кісілік қасиеттерге қайта-қайта оралған. Шалқиіздің өзі көп оқыған, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен. Жорықта, соғыста, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаян кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жүрттан сұрылып шығар дарадан тірегін көзdedі. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «женсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» — дейді Шалқиіз жырау. Шалқиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдастан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малынды төрік етер, ат-тонынды бұлды етер, өз басынды олжа етер». Хан Темірдің осындағы қықарлығын көрген Шалқиіз одан алшақтайды. Шалқиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сирьиңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда

Сол жаман айғақ болар басыңа [5, 44 б.]

Жемсаудан арылып, дұспан жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу — қажетті үндер және керекті құндер еді. Сондай сындарлы кезеңде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сейлесе дәйім бетін кара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсан,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәнірімен ииеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы — тілі мен піғылымда, икемсіз қылғында. Еріккеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қысынсыз қылғымен көрінгенде қинаиды. Иске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен құле кіріп, құнірене шығады. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдін, әйелдін, сабидін қанша кез жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Кундердін күні болғанда, сол жаман айғақ болар басына».

Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдін тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмак. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғауышы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманауық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Эрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи қеңістіктері ұлттық зиялыштар өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

ӘДЕБІЕТ

1. Касымжанов А.Н., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1991. 89 с.
 2. Гегель Г.В.Ф. Философия права. М., 1990. 454 с.
 3. Кант И. Собрание сочинений. М.:Чоро, 1984. Т.3. 741 с.
 4. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. Алматы: «Аркаим», 2001. 252 с.
 5. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастыргандар М.Магауин, М.Байділдаев). Алматы: Жазушы, 1984. 1-т. 256 б.
1. Kasymzhanov A.H., Kasymzhanova S.A. Duhovnoe nasledie kazahskogo naroda. Alma-Ata, 1991. 89. (in Russ.).
 2. Gegel' G.V.F. Filosofija prava. M., 1990. 454. (in Russ.).
 3. Kant I. Sobranie sochinenii. M.:Choro, 1984. T.3. 741. (in Russ.).
 4. Orynbekov M.S. Duhovnye osnovy konsolidacii kazahov. Almaty: «Arkaim», 2001. 252. (in Russ.).
 5. Bes gasyr zhyrlajdy: XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine dejingi kazah akyn-zhyraularyny shygarmalary. Ysh tomdyk. (Kyrastyrgan. M.Magauin, M.Bajdildaev). Almaty: Zhazushy, 1984. T.I. 256 b. (in Kaz.).

Резюме

Ошакбаева Ж.Б. Философские и этно-культурные основы феномена духовности в традиции жырау

В статье рассматриваются мировоззренческие основы этико-философских взглядов казахских жырау, являющиеся духовно-нравственными принципами и универсальными ценностями традиционной культуры казахского народа. Автором раскрывается этико-эстетическое содержание смысложизненных поисков казахских жырау.

Summary

Oshakbayeva Zh.B. Philosophical and ethno-cultural bases of phenomena spirity in traditional zhyrau

The author copides, that the ideological and ideological basis of ethical and philosophical views of the Kazakh zhyrau are spiritual and moral foundations of universal values and traditional culture of Kazakh people. It is analyzed in the article the ethical and aesthetic content vitally meaningful exploration of the Kazakh zhyrau.